

коммерциялық құпияны жария етуге, 2) оны заңсыз алуға және 3) коммерциялық құпияны заңсыз пайдалануға байланысты қолданылады.

Біздің ойымызша, коммерциялық құпияны қорғау жолдарын таңдау кезінде келесі критерийлер ескерілуі керек. Біріншіден, шарттық, корпоративтік және еңбек құқықтық қатынастарында коммерциялық құпияға құқықты бұзу кезінде, сондай-ақ мемлекетпен өзара қарым-қатынас кезінде мүліктік залал келтірудің ерекшелігіне байланысты (қорғау тәсілдерін таңдау кезінде коммерциялық құпияны иеленушіге зиян келтірген субъектілердің құқықтық жағдайына сүйену қажет). Екіншіден, коммерциялық құпияны иеленушінің құқықтарын бұзу сипатына байланысты (тиісінше, коммерциялық құпияны жария етуден, оны заңсыз алудан және коммерциялық құпияны заңсыз пайдаланудан қорғау тәсілдерін ажырату қажет). Үшіншіден, коммерциялық құпияның құқық иесі есептейтін нәтижеге байланысты, яғни. қорғаудың қандай да бір әдісін қолдану кезінде қол жеткізу керек, атап айтқанда коммерциялық құпияны заңсыз пайдалануды одан әрі бұзудың алдын алу, сотта коммерциялық құпияға құқықты растау, шығындарды өндіріп алу, өтемақы алу және т.б., өзін-өзі қорғаудың жекелеген әдістерін, жедел ықпал ету шараларын және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті біржолғы немесе кешенді қолдану туралы айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гаврилов Э. П. Вопросы правовой охраны коммерческой тайны // Хозяйство и право. — 2021. — N 11. — С. 36-40.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2024.05.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). - [Электрондық ресурс].- Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061#activate_doc=2
3. «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі (2024.11.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39147530#activate_doc=2
4. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (2024.11.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577100#activate_doc=2
5. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (1999 ж. 1 шілдедегі № 409-1) (ерекше бөлім) (2024.25.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51013880&sub_id=10170000&pos=4850;-54#pos=4850;-54
6. Лобков А. Коммерческая тайна, нераскрытая информация, конфиденциальность. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30092425
7. Северин Р.М. Механизм защиты прав на коммерческую тайну.- Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – М., 2011. – 30 с.

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ СҰРЫПТАУДЫ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Әбдіжәми А.Ж., Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті
Жаксыбеков Н.К., заң ғылымдарының магистрі, заңгер*

Соңғы жылдары еліміз жылдар бойы жинақталған, жүйелі шешімдерін таппаған төтенше жағдайлармен бетпе-бет келіп отыр. Білім мен ғылымсыз алысқа бармайтынымызға көзіміз жетті. Қоғам мүшелері тәуелсіздік алған уақыттан бері табиғи байлықтарға негізделген экономикамызды алдағы уақытта өнімге айналдырар уақыт келгенін түсінді. Бұл бағыт

сапалы білім беру мен алынған білімді іске жаратуды қажет етеді. Білім саласында білікті мамандардың болмауы, болса да өте аз әрі ғылыми қолдаусыз жүргізілгендіктен, тығырыққа тірелген жайымыз бар.

Білім тәрбиесіз берілмеуі тиіс, ал даму үшін ғылым мен білім ұштастырылып жүргізілуі тиіс. Ел дамуының негізі тұрақты даму институттарынсыз мүмкін емес, тиімді экологиялық тетіктердің тиімділігін арттыру да бүгінгі ұрпақтың үлесінде. Себебі, болашақ ұрпаққа қалдыратын мұрамыз біздің бүгінгі жасап жүрген әрекеттерімен тығыз байланысты.

Ғылыми жетістіктер әрқашан еліміздің мақтанышы болған және бола да бермек, ал ғылыми әлеуетті дамыту – оны ойдағыдай ілгерілетудің қозғаушы күші және бәсекеге қабілеттілігінің маңызды шарты болып саналады.

Бұл жолда біз өткенімізді де естен шығармауымыз керекпіз. 1946 жылы маусымда Қ. И. Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болып, сол жылы КСРО Ғылым Академиясының толық академигі болып сайланды.

Қ. И. Сәтбаев ғылымды басқару және Қазақстанның индустриялық дамуына қамқорлық жөніндегі орасан зор ұйымдастырушылық қызметті өнеркәсіптік кешендерге практикалық көмек көрсетумен ұштастырады. Оның бастамасымен республиканың ірі өнеркәсіптік өңірлерінде - Өскемен, Атырау, Қарағанды, Жезқазған, Қостанайда ғылым академиясының көшпелі сессияларын өткізді. Ғалымның энциклопедиялық білімі негізінде жаңа академиялық институттар: ядролық физика, математика және механика, Гидрогеология және гидрофизика, Мұнай және табиғи тұздар химиясы, Химия-металлургия, тау-кен металлургиясы, Ихтиология және балық шаруашылығы, эксперименттік биология, экономика, философия және құқық, әдебиет және өнер, тіл білімі институттары ашылды.

Қазақстанның жас ғылым академиясы өсіп, дамыды. Ғылыми кадрлар қалыптасты. Қ. И. Сәтбаев талантты жастарды жан-жақты қолдап, өсірді.

Академик Қ. И. Сәтбаевтың мүдделерінің ауқымы ерекше кең болды және жаратылыстану ғылымдарынан асып түсті. Ол Қазақ тарихының, әдебиетінің, мәдениетінің, этнографиясының, музыка мен фольклордың үлкен білгірі болды, оның Орталық Қазақстан аумағындағы археологиялық ізденістері, педагогика мен әдебиет бойынша еңбектері жалпыға белгілі. Ол М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романының маңыздылығын бірінші болып бағалады, 25 халық әнін фольклор жинаушы А. Затаевичке тапсырды, театр, өнер, мәдениет, жастарды тәрбиелеу бойынша көптеген жұмыстар қалдырды.

Сонымен қатар, Қ.И. Сәтбаев бірінші кезекте геология ғылымы саласындағы ең ірі ғалым болғанын және болып қала беретінін атап өткен жөн. Ол Қазақстанда металлогения мектебін құрды және басқарды.

Бұл күндері ҚазКСР ҒА академигі А. Х. Марғұлан ол туралы былай деп жазды: «Ол өз халқының мақтанышы болды, оның өркендеуі үшін өмір сүрді және жұмыс істеді. Ол халыққа қызмет етуді өз өмірінің ең жоғарғы идеалы деп санады...».

Бүгінгі ұрпақ Қаныш атасына ұқсап, елге, халыққа қызмет етуге ұмтылуы тиіс. Әсіресе, экожүйені сақтау, табиғи ресурстарды үнемдеп, қалдықсыз қоғам құру жолында аянбай қызмет етуі тиіс.

Э. Герингтің пікірінше, экологиялық білімнің болмауы Қазақстанда қоқысты сұрыптауды тиімсіз етеді: мектептер тұрмыстық қоқысты сұрыптау мәселесіне тиісті назар аудармайды. Автоматтандырылған сұрыптаудың болмауы қоқысты тиімсіз сұрыптаумен байланысты: адамдар олар шығаратын қалдықтардың ақырында қайта өңделетініне немесе «заңсыз полигонға» жіберілетініне сенімді болмағандықтан, олардың көпшілігі төгілген қалдықтарды бөлудің мағынасын көрмейді [1].

Жақсырақ білім, баламалы тұтыну және өндіріс үлгілері, сондай-ақ инновациялық технологиялық шешімдер қазіргі уақытта көптеген елдердің, қалалардың және кәсіпорындардың ластанудың күрделі мәселелерін сәтті шешіп жатқанын білдіреді [2,06].

Еліміздегі азаматтардың басым бөлігі қалдықтарды сұрыптаудың маңызын түсінбейді, тіпті ойланбастан, 1 қалтаға салып қоқыс жәшігіне сала салады.

Жыл сайын мемлекеттік статистикаға сәйкес Қазақстанда қоқысты қайта өңдеу және кәдеге жарату жағдайы жақсарып келеді. Мәселен, ҚР Экология министрлігінің деректері бойынша 2016 жылы сұрыпталған және қайта өңделген қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) үлесі небәрі 2% - құрады, ал 2019 жылы ол 14% - ға жетті.

2020 жылы ҚТҚ-ның 15,8% - ы қайта өңделді және жойылды. Бірақ, өкінішке орай, жаһандық зерттеулер аз оң статистиканы көрсетеді. Йель университетінің экологиялық саясат және құқық орталығының мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан өндірілетін қалдықтардың тек 2,2% - бақылайды.

"Қалдықтарды басқару" проблемалары санатында қатты қалдықтардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіптілігі танылады. Ол үш өлшемге негізделген: 1) бақыланатын қатты қалдықтар, 2) қайта өңдеу деңгейі және 3) мұхиттың пластикпен ластануы. Қазақстан осы қалдықтарды басқару санатында 180 елдің ішінде 102 орында орналасып, соңғы 10 жыл ішінде 0,30 % ғана көрсеткіштерін жақсартыпты. Салыстыру үшін бұрынғы Кеңестік 15 елдер арасында өз позициясын 4,40 %-ға жақсартып 3-орынға, әлемдік рейтингте 66 орынға орныққан Грузияны, 3,10 % -ға жақсартып 8 орынға, әлемдік рейтингте 104 орынға орныққан Ресейді, 79 орындағы Арменияны айтуға болады [3].

Бақыланатын қатты тұрмыстық қалдықтар дегеніміз-экологиялық тәуекелдерді бақылау үшін жиналатын және өңделетін елде пайда болатын тұрмыстық және коммерциялық қалдықтардың пайызы. Бұл көрсеткіш қалдықтарды қайта өңдеу, компосттау, анаэробты ашыту, өртеу немесе санитарлық полигонға көму арқылы өңделсе, "бақыланатын" деп санайды. Бұл тізімде Қазақстан 39,60 ЕРІ көрсетіп, 88 орынға тұрақтаған. Түркіменстан 65,20 көрсеткішімен 57 орынға, 64,20 көрсеткішімен 59 орынға орналасыпты. Бұл жерде 100 саны өз қалдықтарының 100% -н тұрақты түрде бақылайды, ал 0 балл дегеніміз, ел өзінің қатты қалдықтарын басқара алмайды немесе қатты қалдықтарының тағдыры туралы деректерді жинай алмайды және есеп бере алмайды деп көрсетілген [4].

Қайта өңдеуге қатысты еліміздегі жағдай тіпті, өкінішті. Йельский экологиялық құқық және саясат орталығы мен Колумбия Университетінің Жер институты жанындағы Халықаралық Жер туралы ақпараттық желі орталығының (CIESIN) бірлескен жобасының мәліметтеріне назар аударсақ, қайта өңдеу деңгейін әр елде қайта өңделетін материалдардың (металл, пластик, қағаз және шыны) үлесі ретінде өлшейді. 100 балл елдің қайта өңдеуге болатын барлық тұрмыстық материалдарды қайта өңдейтінін білдіреді, ал 0 балл елдің қайта өңделетін пайдаланылған материалдарды қайта өңдемейтінін көрсетеді. Бұл тізімде еліміз 3,8 деген көрсеткішпен 175 орында тұр, ал Өзбекстан 31,60 көрсеткішімен 30 орынға жайғасыпты, 67,10 көрсеткішімен Солтүстік Корея көшбастап тұр.

мұхиттың пластикпен ластануы тізілімінде Қазақстан жоқ, мәліметтер жинақталмайды дегенмен, біздің еліміз әлемнен оқшау емес, пластиктер мәселесі біздің елімізде де өзекті.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптаудың қадамдарын мемлекетіміз осы платиктерді бөлек қоқыс жәшіктеріне (сары тор құтыларға) бөліп салуды бастағанымен, мұндай жәшіктердің әрбір аулада жоқ екенін білеміз. Сонымен қатар, тұрғындардың көпшілігі әлі күнге дейін пластик ыдыстарды сұрыптамай, бір қалтаға салып қоқысқа лақтырғанды жөн санайды. Бір ғана адамның қоқысты сұрыптауы үлкен экологиялық шешімдерге әкелмеуі мүмкін, бірақ ұжым болып, барлық тұрғындар өздеріне экологиялық жауапкершілікті алып, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптайтын болса, ең болмаса қағаз, пластик, әйнек, металдарды бөлуден қаншама пайда әкелер еді.

Кейбір елдер осы қалдықтарды сұрыптау нәтижесінде қайта өңдеуден табыс тауып та отырғанын білеміз. Мәселен, Африканы жасыл ету Жобасы Оңтүстік Африкадағы және аймақтағы басқа елдердегі шағын және орта бизнеске жан-жақты "жасыл экономикаға" және тұрақты тұтыну үлгілері мен тәжірибелеріне көшуді жеңілдету арқылы тұрақты даму моделіне қол жеткізуге көмектеседі. Қалдықтар қайта өңделеді және компания көрші елдерге - Мозамбик пен Ботсванаға экспорттайтын пластикалық түйіршіктерге айналады. Түйіршіктерден су құбырлары және басқа да өнімдер шығарылады, мысалы, пластикалық орындықтар. Бүгінгі таңда "KI Recycling" компаниясында 17 адам жұмыс істейді және 800-

ден астам қоқыс жинаушы бизнесте жұмыс істейді. Жұмыссыз Мазубуконның кезінде қоқысты қайта өңдеу үшін ашқан компаниясы Еуропалық Одақтың бірлескен жобасы мен БҰҰ-ның Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының (ЮНЕП) «Африканы жасылға айналдыру» (Switch Africa Green), сондай-ақ Оңтүстік Африка Үкіметінің қолдауына ие болып отыр [5].

Осыған ұқсас мысалдар өте көп. Біздің елімізде де қайта өйдеуге назар аударыла бастады. Дегенмен, ел аумағында жоспарланған 6 зауыттың тек 2-еуі ғана іске қосылған (Алматы, Астана), олар тек 15 % күшінде жұмыс істеп тұр [6].

Қалдықтардан келетін экологиялық қауіп дабылын бәсеңдету проблемасының 2 (екі) шешімі бар: аз өндіру және көбірек өңдеу, қайта өңдеу. Бұл тұйық циклды құрайтын өзара байланысты процестер қалдықтар саласындағы мемлекеттің қабылдаған заңдары мен азаматтардың белсенді іс-әрекеттерімен сабақтасады. Шешімдер, бір қарағанда, айқын, бірақ оларды жүзеге асыруда қиындықтар бар. Бұл қиындықтардың көбісі қалдықтарды сұрыптау бойынша мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимыл тетіктерін дұрыс анықтаумен шектеседі. Ол механизмдер қатарында: қалдықтарды сұрыптау бойынша заңнамалық база қалыптастыру, білім беру және ақпараттық компаниялар жүргізу; қалдықтарды сұрыптау үшін инфрақұрылым құру, қаржылық ынталандыру, қоғамдық ұйымдар арқылы өзара іс-қимыл жасау және басқа да механизмдер бар. Аталған механизмдерді жүйелендіру қалдықтарды реттеу контекстінде мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндіктер береді [6]. Қайта өңдеу зауыттарын іске қосу бұл саладағы проблемаларды ашық көрсетіп берді, ол ең алдымен тұрғындардың, бастапқы қалдық түзушілердің қалдықтарды сұрыптауын жолға қоюды түбегейлі шешудің қажеттілігін мойындатып берді. Себебі, біз қоқысты жоғары жылдамдықпен жинаймыз. Қазір қалдықтардың 93% - ы полигондарға қайтарылады, тек 5-7 % - ы ғана қайта өңдеуге кетеді. 2005 жылы қатты ластағыш заттардың кәдеге жаратылғаны 5223,3 тонна болса, 2022 жылы 7882,9 тоннаны құраған. Өсім бар болғанымен, мардымсыз және қайта өңдеу зауыттары іске қосылғанымен, толық жолақтар іске қосылмаған немесе сол аз ғана мөлшердегі шикізатты алу үшін көп жігер мен күш, шығындар қажет.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы stat.gov.kz. (жүгіну күні 20.02.2024). [in Kazakh]. мәліметтеріне сәйкес, тұрмыстық қалдықтардың ішінде негізгі үлесі 2021 жылы үй шаруашылықтарының қалдықтарына тиесілі (65,6%), 20,2% – өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға тең), 10,5% – көше қоқыстары, 2,2% – нарық қалдықтары екендігін ескерсек, азаматтардың қалдықтарды түзуші басты субъект екендігін, қалдықтарды сұрыптауды осы сектордың үлесін азайту, азаматтарды қалдықтарды дұрыс сұрыптауға үйретудің маңыздылығы алға шығады [6].

Үй шаруашылығы қалдықтарының үлесінің қалдықтар құрамында жоғары екендігін ескерсек, бүгінгі уақытта мемлекетіміздің өндірістік қалдықтарға ғана емес, дәл осы үй шаруашылығы қалдықтарына да баса назар аударуының қажеттілігі күн тәртібінде. Оларды бастапқы сұрыптау негізінде шешу әлдеқайда тиімді. Бірақ бұл жолда мемлекет ең алдымен бала бақшадан бастап, мектеп, колледж, жоғары оқу орындары деңгейінде жүйеленген түрдегі білім беруді қамтамасыз етіп, қоқыстарды сұрыптаудың маңыздылығын ғана емес, оларды қалай, қайда сұрыптау керектігін, ынталандыру жүйесін жолға қоюы тиіс. Әйтпесе, төмен мотивация әсерінен кейбір азаматтар тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптаудан тікелей пайданы көре алмауы немесе қалдықтарды дұрыс басқарудың маңыздылығын түсінбеуі мүмкін, бұл ережелер мен нұсқауларды орындауға мотивацияның жеткіліксіздігіне әкеледі.

2050 жылға қарай планетадағы қалдықтар 70% - ға артады деп жоспарлануда екен. Егер сіз қалдықтарды сұрыптауды қазір бастамасаңыз және оларды бүгін қайта пайдаланбасаңыз, онда бірнеше ондаған жылдан кейін біздің планетамыз бір үлкен полигонға айналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 Неринг Э. «Эффективна ли сортировка мусора в Казахстане?», 09 сентября 2020 г.;

2 Towards a Pollution-Free Planet. United Nations Environment Programme, 2017 Published in September 2017 ISBN No: 978-92-807-3669-4 Job No: DTI/2130/PA (Бұл құжат Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны қорғау Бағдарламасының Атқарушы Директорының Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған ортаны Қорғау Ассамблеясының 3-ші сессиясындағы "Ластанусыз Планетаға қарай" баяндамасына негізгі ақпаратты береді). Дата обращения: 24.02.2024г.//https://wedocs.unep.org/bitstream/handle/20.500.11822/21800/UNEA_towardspollution_long%20version_Web.pdf?sequence=1&isAllowed=y

3 <https://epi.yale.edu/epi-results/2022/component/rec>

4 Данные для этого показателя взяты из отчета Всемирного банка «Что за отходы 2.0» и Wiedinmyer et al. (2014). <https://pubs.acs.org/doi/10.1021/es502250z>

5 Болашақ қайта өңдеуде: көшедегі қоқыс жинаушыдан кәсіпкерге дейін. 11.05.2020ж. <https://www.unep.org/ru/novosti-i-istorii/istoriya/budushee-v-utilizacii-ot-ulichnogo-sborschikamusora-do>.

6 А.Ж. Әбдіжәми. Қазақстан Республикасында қалдықтарды реттеу контекстінде мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылды құқықтық талдау / Қарағанды университетінің Жаршысы. Құқық сериясы. №2, 2024ж.

ЗАЩИТА АВТОРСКИХ ПРАВ В ОНЛАЙН СРЕДЕ: ИМПЕРАТИВ ЦИФРОВОЙ ЭПОХИ

*Тиллабоев Ш., Преподаватель кафедры «Международного права и прав человека»,
Ташкентский государственный юридический университет*

В современном цифровом мире, где интернет стал неотъемлемой частью повседневной жизни, защита авторских прав приобретает все большее значение. Онлайн среда открывает огромные возможности для распространения и доступа к контенту, но в то же время создает ряд проблем, связанных с незаконным использованием и распространением интеллектуальной собственности. В этой статье мы рассмотрим необходимость защиты авторских прав в онлайн среде и меры, которые могут быть приняты для борьбы с нарушениями.

Одной из основных угроз для авторских прав в онлайн среде является цифровая пиратия. Легкость копирования, распространения и публикации контента в интернете делает его уязвимым для незаконного использования. Пиратские сайты, файлообменники и торрент-ресурсы предоставляют доступ к огромному объему контента, включая фильмы, музыку, книги и программное обеспечение, без согласия правообладателей.

Нарушения авторских прав в онлайн среде представляют серьезную угрозу для творческого общества в целом. Они подрывают мотивацию авторов, композиторов, художников и других творческих личностей, лишая их возможности получить заслуженное вознаграждение за свои усилия. Это может привести к снижению объемов творческой продукции и ущемлению инновационного развития в различных отраслях.

Одни из наиболее известных международных правовых актов, посвященных вопросу регулирования авторского права – это Всемирная конвенция об авторском праве 1952 года и Бернская конвенция по охране литературных и художественных произведений от 9 сентября 1886 года. Разумеется, в данных актах не могло уделяться внимание вопросу регулирования информационного оборота в системе Интернет

В 12 статье Договора по авторскому праву страны-участницы обязуются предпринять ряд мер против тех, кто без разрешения осуществляет различные манипуляции информационным материалом, на который имеются авторские права. Тем не менее, несмотря на подобные правовые акты и попытки модернизации системы регуляции манипуляций информацией пользователями сети Интернет, многочисленные пользователи – как весьма